

Ф.С. Ташимова¹, Д.Е. Мазитова¹
¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАСӨСПІРІМ ШАҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАЗАСЫЗДЫҚТЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕОРИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Әлеуметтік мазасыздық жасөспірімнің өмірінің барлық салаларына көрінеді, оның көңіл-күйінің төмендеуіне, отбасымен және достарымен қарым-қатынасының нашарлауына, сабақ үлгерімінің төмендеуіне кері әсерін тигізеді. Мақалада жасөспірімдердегі әлеуметтік мазасыздықты зерттеудің заманауи тәсілдері мен теориялары сипатталған. Әлеуметтік мазасыздық келесі кезеңдер аясында зерттеледі: жас ерекшелік психологиясында-мінез-құлықтың тежелуі және оның биологиялық көздері тұрғысынан; даму психологиясы-жалғыздықтың/оқшауланудың аффективті-мінез-құлықтық профилі және оның ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас-тағы көздері тұрғысынан; клиникалық психологияда-жеке тұлғаның бұзылуын болдырмау (әлеуметтік фобия), оның диагностикасы, емі және этиологиясы тұрғысынан. Мүмкін болатын зерттеулердің қазіргі заманғы нәтижелері мен перспективалары келтірілген.

Түйін сөздер: жасөспірімдік шақ, әлеуметтік мазасыздық, депрессия, қорқыныш, мазасыздық.

Ташимова Ф.С.¹, Мазитова Д.Е.¹
¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕОРИИ СОЦИАЛЬНОЙ ТРЕВОЖНОСТИ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

Аннотация

Социальная тревожность проявляется во всех сферах жизни подростка, отрицательно сказывается на снижении его настроения, ухудшении отношений с семьей и друзьями, снижении успеваемости. В статье описаны современные подходы и теории к изучению социальной тревожности у подростков. Социальная тревожность изучается в рамках следующих этапов: в возрастной психологии-с точки зрения поведенческой отсталости и ее биологических источников; в психологии развития-с точки зрения аффективно-поведенческого профиля одиночества/изоляции и его источников в отношениях между родителями и детьми; в клинической психологии-с точки зрения профилактики расстройства личности (социофобии), ее диагностики, лечения и этиологии. Приведены современные результаты и перспективы возможных исследований.

Ключевые слова: подростковый возраст, социальная тревога, депрессия, страх, тревожность.

F.S. Tashimova¹, D.E. Mazitova¹
¹Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

MODERN THEORIES OF SOCIAL ANXIETY IN ADOLESCENCE

Abstract

Social anxiety manifests itself in all areas of a teenager's life, has a negative impact on a decrease in his mood, deterioration of relations with family and friends, and a decrease in academic performance. The article describes modern approaches and theories to the study of social anxiety in adolescents. Social anxiety is studied within the framework of the following stages: in age

psychology-from the point of view of inhibition of behavior and its biological sources; Developmental Psychology-from the point of view of the Affective-Behavioral profile of loneliness/isolation and its sources in the relationship between parent and child; in clinical psychology-from the point of view of prevention of personality disorder (social phobia), its diagnosis, treatment and etiology. The current results and prospects of possible research are presented.

Keywords: *adolescence, social anxiety, depression, fear, anxiety.*

Жасөспірім сөз тіркесі латынның *adolescere* сөзінен шыққан «өсу» немесе «жетілу» дегенді білдіреді. Жасөспірімдік кезең адамның өмірінің ең маңызды кезеңі болып саналады, себебі адамның дамуына және жарқын болашағының дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Жасөспірімдік шақ адамның балалық шақ пен ересектік кезең арасындағы «өтпелі көпір» секілді рөлді атқара-ды. Көптеген авторлар, жасөспірімдік кезеңді 11-13 жаста балада болатын жыныстық жетілу мен пубертанттық кезеңнің басталуымен, яғни жасөспірімнің ең ерте шекарасымен байланыстырады. Жасөспірімдік жақтың жоғарғы шекарасы айқын емес, орташа есеппен 16-18 жас аралығын қамтиды. Бұл жастық көрсеткіштер шартты емес, әр адам үшін жеке болып келеді.

Жасөспірімдік кезең басқа жас кезеңдермен салыстырғанда қарама-қайшылықтары көп және үйлесімсіз әрекеттерге толы болып келеді. бұл кезеңде даму тез қарқынмен жүзеге асады, әсіресе тұлғаны қалыптастыру тұрғысынан қарастырғанда, өзгерістерді анық көруімізге болады. Жасөспірімнің басты ерекшелігі-оның тұлғалық тұрақсыздығы немесе пубертанттық кезеңдегі көңіл-күйдің тұрақсыздығы. Қарама-қайшы сипаттар, ұстылыстар, үрдістер өзара күресіп, өсіп келе жатқан жасөспірімде мінез-құлықтың және жүріс-тұрысының сәйкессіздігін анықтайды. Балалық кезеңге тән стресстік жағдайларға, жасөспірім шақтағы тағы «өзіндік стресстік жағдайлар» қосылады: емтихандар, жауапсыз махаббат, өзін басқалармен салыстыру, құрдас-тарымен бәселелестік, ата-анамен тіл табыса алмаудың салдарынан туындаған ұрыстың ушығуы және т. б. Мінез-құлықтың бейімделгіш тәсілдерін үйренбеген, дағдарыстық жағдайдан шыға алу қабілеті қалыптаспаған (осындай жасөспірімдердің ата-аналарында да қажетті дағдылар қалыптаспауы мүмкін) балаға, жасөспірім шақтағы жаңа күйзелістермен күресу қиынға соғатын-дығы анық. Сол себепті де, жас дамуының осы кезеңдегі әлеуметтік мазасыздығын зерттеу, осы құбылыстың мәнін ашу үшін де, тұтастай алғанда жасөспірімнің эмоционалды саласының даму заңдылықтарын түсіну үшін де өте маңызды болып саналады [1].

Жасөспірім шақтағы әлеуметтік мазасыздықты зерттеу мәселесінің өзектілігін Батыс және Ресейлік ғалымдар екі он жылдық бұрын түсінді. Себебі бұл мәселенің кең таралуы, жастардың өмір сапасы мен психикалық денсаулығына кері жағымсыз әсерін тигізуде. Ғалымдардың берген мәліметтеріне сүйенсек, мектеп жасына дейінгі балалардың 30%-ында әлеуметтік мазасыздықтың жоғарғы деңгейі анықталған.[2] Бұл көрсеткіштер бала мектепке барғанда және сыныптан сыныпқа өткенде өсетіндігі ықтимал. Соңғы деректерде, әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі 5 және 13 жас аралығындағы оқушыларда айқын көрінетіндігі айтылған[3]. Әлеуметтік мазасыздық термині әдетте әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайларында туындайтын мазасыздықты білдіреді. Бұл тұжырымдама ұялшақтықтан бастап, әлеуметтік фобия сияқты ауыр бұзылыстардың көрінісін қамтиды. Ұялшақтық, әлеуметтік мазасыздық және әлеуметтік оқшаулану көріністерінің сипаттамасы Ежелгі Грецияда белгілі болған және Гиппократ кезінде сипатталған.

Әлеуметтік мазасыздық - адамның әлеуметтік жағдайда басқа адамдардың бағалауының салдарынан туындайтын қорқыныш, алаңдаушылық, эмоционалды ыңғайсыздық күйі. Әлеуметтік мазасыздық ұялшақтық пен әлеуметтік фобия түсініктерімен тығыз байланысты [Краснова, 4].

Балалық шақтағы әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі ересек кезеңдегі мазасыздық-тың бұзылуының алғышарты болып келеді. Жасөспірім шақтағы әлеуметтік мазасыздық көңіл-күйдің түсі, үмітсіздік, әлеуметтік оқшауланумен қатар жүреді. Жасөспірім шақта бала аутоагрессивті мінез-құлық танытып, суицидтік ойларға беріліп, ішімдікке және

нашақорлыққа әуестеніп, оқу үлегірімі төмендеп, кей жағдайда мектептен шығуға дейін апаруы мүмкін. Жоғары әлеуметтік мазасыздықтан зардап шегетін жасөспірім, өзінің мектептегі үлгерімін, құрдастарымен қарым-қатынасын төмен бағалап, айқын өз-өзіне қол жұмсау белгілерін көрсе-теді. Әлеуметтік мазасыздық деңгейі төмен топтармен салыстырғанда, әлеуметтік мазасыздық-тың жоғары деңгейі анықталған топта депрессия, өз-өзіне қол жұмсау белгілері басым болып келеді [5].

Батыста әлеуметтік мазасыздық келесі бағыттарда зерттеледі: жас ерекшелік психологиясы-мінез-құлықтық тежелудің биологиялық негізінде; даму психологиясы аясындағы зерттеулерде-жалғыздық пен тұйықтыққа негізделген аффективті-мінез-құлықтың бала мен ата-ана арасындағы және баланың құрдастары арасындағы байланысы; клиникалық бағытта-әлеуметтік фобияның диагностикасын, емдеу жолдарын және этиологиясын қарастырып зерттейді.

Мінез-құлықтық тежелудің негізгі құрлымы-қорқыныш пен сенімсіздік. Кішкентай балада мінез-құлықтық тежелудің көрінісін, яғни, қорқыныш пен сенімсіздік, баланың таныс емес адамдармен қарым-қатынасқа түсуден қашуын, жылау, мазасыздану және анасының қасынан шықпауын бақылауға болады. Мінез-құлықтық тежелудің биологиялық негізі қалқаншабез бен мидың белгілі бөліктері арасындағы төмен байланысы болып табылады.

Мазасыз баладағы жалғыздық немесе тұйықтықтың айқын белгілерін баланың жеке оқшаулануға бейімділігінен, қарым-қатынастағы сенімсіздік, ұялшақтығынан көруге болады. Мазасыз, жалғыздыққа бейім бала құрдастарымен қарым-қатынас орнатқылары келеді, бірақ өздерін теріс бағаланудан қорқып және қабілеттерін көрсете алмаймын деп алшақтадады. Егер мінез-құлықтық тежелу зертханалық жағдайда анықталса, мазасыз балдағы жалғыздық пен тұйықтықты баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу барысында бақылап, анықтауға болады. Мінез-құлықты тежелу мен мазасыз жалғыздық белгілері бақылауға келетін іс-әрекеттерге жатады[6].

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардағы мазасыздық пен жалғыздық таныс әлеуметтік жағдайда көрінеді, ал мінез-құлықтық тежелу таныс емес, жаңа әлеуметтік жағдайда туындайды. Сонымен қатар, мінез-құлықтық тежелу органикалық табиғатқа ие және балалардағы әлеуметтік жалғыздық пен тұйықтықтың пайда болуының алғышарты болып есептеледі.

Соңғы жылдары ғалымдардың, жасөспірім шақтағы әлеуметтік мазасыздықты тудыратын жасөспірімдегі басқалардың мақұлдауы мен сөгуіне тәуелді өзін-өзі бағалау факторына қызығушылығы артуда. Нидерландыда жүргізілген зерттеуінде, әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі бар жасөспірімдер, құрдастарының мақұлдауы мен қолдауынан кейін, өздерін бағалау деңгейінің өскені көрсетілген. Ұялшақ баланың мазасыздық, жекешелену, оқшаулану, тұйық мінез-құлық танытуы, басқаларға менмен, өзімшіл болып көрініп, жаңа сенімді қарым-қатынас құруға, балада жағымды тәжірибенің қалыптасуына, әлеуметтік байланыстың орнауына кері әсерін тигізіп, керісінше мазасыздықтың одан сайын күшейіп дамуына әкеледі [7].

Мазасыздық бұзылыстары бар науқастардың, отбасылық жүйесі симбиотикалық байланыс пен жабық шекаралардан құрылған. R.M. Raree эмоционалдық жылулықтың төмен деңгейінде көрініс табатын, баладағы мазасыздық пен ата-анасының тарапынан туындайтын бақылау мен гиперқамқорлық арасындағы тығыз байланысты зерттеді. R.M. Raree және L.Sweeney өздерінің мақалаларында, әлеуметтік мазасыз емес құрдастарымен салыстырғанда, әлеуметтік мазасыз-дығы жоғары жасөспірімдердің ата-аналары тарапынан қатаң бақылау мен басқару болғандығын дәлелдейтін зерттеулерді келтіреді. Әлеуметтік фобиясы бар пациенттер, ата-аналарын әлеу-меттенуі төмен, басқалардың сөзіне қатты сенгіш, бала тәрбиесінде «ұят» сезімін алға қойып, өздерін тұлғааралық қатынастан оқшаулайды деп сипаттаған.

Мазасыздық бұзылыстары орын алған отбасылардағы отбасылық жүйенің басым ережелері мен идеологиясы зерттелді. Отбасы идеологиясының дисфункциясына перфекционистік құндылықтар (балаға қойылатын тым жоғары талаптар мен баланың жақсы

қасиеттерін тиісінше бағаламау), қоршаған адамдарға сенімсіздік таныту мен олардан жеке мәселелерді жасырып қалу жатады. Бұндай отбасында тәрбиеленген балаларда басқалардың теріс бағалауы мен ашу-ыза танытуынан қалыпты қорқыныш сезімінің пайда болуын жетелдетеді.

В.В. Краснованың зерттеу жұмысында, әлеуметтік мазасыз студенттердің отбасында, үлкен-дер тарапынан сыни сөздердің айтылуы жиі орын алып, мүмкін болатын сәтсіздіктерге назар аударылып, теріс эмоцияның шығаруға, өзгелерге сенбеу мен отбасының жабық шекараларын құру көрініс тапқан. Ата-аналардың өзгелерге сенімсіздік танытуы, мазасыздық пен теріс эмоциялардың шықпай қалуы, отбасылық дисфункция ерекшеліктері, балада әлеуметтік маза-сыздықтың жоғары деңгейінің алғышарт-факторы болап саналады[8].

К. Burgess әлеуметтік жағдайда баладағы тұйықтық пен қысылудың дамуына әсер ететін анасының наным-сенімдерінің моделін ұсынды. Тұйық балалардың аналары өз баласының әлеуметтік және эмоционалды сипаттамаларына тым сезімтал келеді, соның салдарынан, бала-ларына гипербақылау мен гипертұрақтылық танытады. Ал бала өз кезегінде, бұндай жағдайда сәйкесінше қорғаныс әрекеттерін жасап, теріс эмоциялар шығарады.

Ұлшақтық пен анамен қарым-қатынас арасындағы байланысты анықтауға арналған зерттеу-де, 12 мен 24 айлық кездегі балаға анасының қолпаштауы мен ашық қатынасы, әлеуметтік белсенділік танытуы, баладада ұлшақтықтың төмен деңгейін бейнелейді. К.Н. Rubin, К. Burgess және Р. D. Hastings жүргізген лонгитюдті зерттеуінде, 2 жастағы балаға анасының гипертұрақтылық танытуы, балада 4 жасқа келгенде қысылу мен ұяндықтың туындайтынын анықтады. Ұқсас көрініс, анасының баласына саркастикалық және ирониялық қарым-қатынас жасайтын отбасы-ларда көрінеді, 4 жасқа келгенде бала тұйық мінез-құлық танытатындығы анықталды. Басқа зерттеу жұмысында, жиі ұлшақ балалардың аналары, баласының тұйықтығы мен ұяндығына жүйелі емес қарап, тым көп қадағалау жасайтындығы белгілі болды. Бұндай жағдайда балалар, аналарын тыңдамай, қарысылық танытып, дисфункционалды қатынасты орнатты. J.L. Hudson пен R.M. Rapee, ұлшақ балалардың аналары көп жағдайда өздері де әлеуметтік мазасыздықтық танытатындығын анықтады [9].


Аналардың өздеріне берген есебін талдай келе, мазасыз және ұялшақ балалардың аналары, көп жағдайда баласын елемей, оның іс-әрекеттің құнсыздандырып, жазалайтындығы белгілі болды.

Сонымен, көптеген авторлар, бала мен ата-ана арасындағы дұрыс емес қалыптасқан бауыр басу, ата-аналардың дисфункционалды наным-сенімдері, әрекеттері балада тұйық мінез-құлық пен ұяндықтың пайда болуы мен дамуына әсер етеді деген тұжырымдамаға келді. Сондай-ақ, ата-ананың наным-сенімдері мен қарым-қатынасы баланың жынысы, мәдени ерекшеліктер мен сыртқы жағдаяттарға да байланысты екендігін атап өткен жөн.

T. Ollendick пен K. Benoit-тің бала мен ата-ананың қарым-қатынас моделі, баладағы әлеуметтік мазасыздықты тудыратын факторларды: мінез-құлықтық тежелу, ата-ананың мазасыздығы, бауыр басу типі, ақпаратты өңдеудің танымдық-аффективті стилі, тәрбиелеу стилін біріктіруге тырысты.

J. Kagan сипаттаған мінез-құлықтық тежелу таныс емес жағдайға, таныс емес адамдарға жауап ретінде туындайтын мазасыздық, дистресс пен оқшаулануға туа біткен бейімділікті көрсетеді. Мінез-құлықтық тежелу ұлшақтық пен әлеуметтік мазасыздықпен байланысты болсада, кез-келген жаңа жағдайларда туындап, белгілерін айқындауы мүмкін. Көптеген авторлардың зерттеулерінде, балалық шақтағы мінез-құлықтық тежелу есейген шақта әлеуметтік мазасыздыққа әкелуі әбден мүмкін екендігін болжайды [10].

T. Ollendick пен K. Benoit әлеуметтік мазасыздықтың пайда болуының маңызды факторы ретінде бала мен ата-ананың өзара бауыр басуына ата-ананың мазасыздығының жоғары деңгейінің әсерін қарастырады.



1-сурет. Бала мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы әлеуметтік мазасыздық факторы ретінде (Ollendick, Benoit, 2012).

Бауыр басудың бұзылуынан туындайтын қарым-қатынастағы қиындықтар жоғарыда айтылды. Ата-ананың теріс танымдық-аффективті стилі тәрбиелеуге және балада ұқсас таным-дық стильдің қалыптасуына әкеледі. Бұл өз кезегінде, балада мазасыздықтың бұзылуының пайда болу мүмкіндігін арттырады. Бұл модель ата-ананың тәрбиесі мен отбасылық ортаның әлеу-меттік мазасыздықтың пайда болуына әсерінің құрлымын жүйелеуге мүмкіндік береді, бірақ балада әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейін қалыптастырудың көптеген мүмкін жолдарының бірін ғана сипаттайды.

Қорытынды

Заманауи теориялардың ең маңызды міндеттерінің бірі – әлеуметтік мазасыздық туралы әр түрлі көзқарастарды біріктіру, сонымен қатар мәліметтер синтезі шеңберінде әртүрлі эмпирика-лық зерттеулер мәселесіне кешенді көзқарасты қалыптастыру. Мұндай кешенді зерттеу тәсіл үшін теориялық негіз ретінде әлеуметтік мазасыздық мәселесін аффективті бұзылулардың көп факторлы моделі аясында қарастыруға болады. Бұл моделді А.Б. Холмогорова мен Н.Г. Гаранян депрессияның, мазасыздықтың және соматоформалардың пайда болу факторларын зерттеу үшін жасаған. Бұл модель аффективті спектрдің бұзылыстарын зерттеу мен емдеудің әртүрлі тәсіл-дерін теориялық-әдіснамалық талдауға және оларды біріктіру қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік берді. Көп факторлы модель көмегімен әлеуметтік мазасыздықты макроәлеуметтік, отбасылық, интерперсоналды және жеке факторлар жүйе және интеграциясы ретінде қарастыру және зерттеу мүмкін болады. Тиісінше, әлеуметтік мазасыздықтың бұл моделі әртүрлі теориялық идеяларды біріктіруге және келесі зерттеулердің бағыттарын бөлуге мүмкіндік береді: 1) қазіргі заманғы патогендік мәдени құндылықтардың (табысқа және жеке жетістіктерге табыну) әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейінің пайда болуы мен сақталуына әсері (макроәлеу-меттік деңгей); 2) әлеуметтік мазасыздығы бар пациенттердің отбасыларындағы ата-ана тәрбиесі стильдері мен қарым-қатынас ерекшеліктерінің байланысы (отбасылық деңгей); 3) дисфункционалды жеке қасиеттердің (перфекционизм және дұшпандық сияқты) жоғары әлеуметтік мазасыздық жағдайдың пайда болуы мен сақталуындағы рөлі (жеке деңгей); 4) әлеуметтік қолдау тапшылығының рөлі және әлеуметтік дағдылардың пайда болуындағы әлеуметтік мазасыздық (интерперсональды деңгей) [11].

Жоғарыда қарастырылған заманауи теориялар бірқатар мәселелерді көтеріп, әрі қарай жасөспірімдік шақтағы әлеуметтік мазасыздықты зерттеу үшін кең мүмкіндіктерді ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Semchuk L.A., Yanchij A.I. *Vozrastnaya psihologiya*. Grodno: GrGU, 2006. – 303 s.
2. Zimbardo F. *Zastenchivost', chto eto takoe i kak s nej spravit'sya*. – M.: Pedagogika, 1991. – 208 s.
3. McGinn L.K., Newman M.G. *Status Update on Social Anxiety Disorder [Electronic resource] // International Journal of Cognitive Therapy*. 2013. Vol.6, №2. – P. 88-113. DOI:

- 10.1521/ijct.2013.6.2.88. URL: <http://guilfordjournals.com/doi/abs/10.1521/ijct.2013.6.2.88>. (Accessed: 15.01.2021).
- 4.Krasnova V.V. *Social'naya trevozhnost' kak faktor narushenij interpersonal'nyh otnoshenij i trudnostej v uchebnoj deyatel'nosti u studentov: avtoref. dis. ... kand. psihol. nauk.* – Moskva. 2013. – 25 s.
- 5.Beidel D.C., Turner S.M. *Shy children, Phobic adult: Nature and treatment of social phobia.* Washington, DC: American Psychological Association. 1998. – 324 p.
- 6.J. Kagan, J.S. Reznick, N. Snidman, J. Gibbons, M.O. Johnson // *Childhood derivatives of inhibition and lack of inhibition to the unfamiliar [Electronic resource] / Child Development.* 1988. № 59. . № 59. R. 1580—1589. URL: <http://www.jstor.org/stable/1130672> (Accessed: 15.01.2021).
- 7.Pavlova T.S. *Psihologicheskie faktory social'noj trevozhnosti v detskom i podrostkovom vozraste: Avtoref. dis. ... kand. psihol. nauk.* – Moskva. 2014. – 25 s.
- 8.Nikitina I.V., Holmogorova A.B., Krasnova V.V. *Social'naya trevozhnost' u pacientov s rasstrojstvami affektivnogo spektra [Elektronnyj resurs] // Social'naya i klinicheskaya psichiatriya.* 2012. № 3. Tom 22. – S. 30-35.
- 9.Hudson J.L., Rapee R.M. *Parentchild interactions and anxiety disorders [Electronic resource]: An observational study // Behaviour Research and Therapy.* 2001. Vol. 39, № 12. R. 1411-1427. DOI: 10.1016/S000567967(00)0010768. URL: <http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S00056796700001078> (Accessed: 16.01.2021).
- 10.Ollendick T.H., Benoit K.E. *A Parent6Child Interactional Model of Social Anxiety Disorder in Youth [Electronic resource] // Clin. Child. Fam. Psychol. Rev.* 2012. Vol. 15, № 1. – P. 81-91. DOI: 10.1007/s1056760116010861. URL: <http://link.springer.com/arti6 cle/10.1007/s1056760116010861#page61> (Accessed: 16.01.2021).
- 11.Holmogorova A.B., Garanyan N.G. *Mnogofaktornaya model' depressivnyh, trevozhnih i somatofornnyh rasstrojstv // Social'naya i klinicheskaya psichiatriya.* 1998. T. 8, № 1. – S. 94-102.